

М.Т. Уксукбаева*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: mery-7878@yandex.kz)*

Антикалық және ортағасырлық философия тарихындағы кеңістік пен уақыт категориялары

Мақала антикалық және ортағасырлық философия тарихындағы кеңістік пен уақыт категорияларына арналған. Сол заманның ойшылдарының көзқарастарын салыстыра отырып, автор олардың бір-біріне болған жақындығын сипаттайды. Сонымен қатар, антикалық және ортағасырлық философтардың мәтіндеріне сүйене отырып кеңістік пен уақыт категориялар туралы ойларды салыстырған. Мақалада антикалық және ортағасырлық философтардың кеңістік пен уақыт туралы пікірлерінде бір-біріне сәйкес келетін ұстанымдары көрсетілген. Дегенмен, кейбір жағдайларда антикалық және ортағасырлық уақыт пен кеңістік туралы түсініктердің айырмашылығы да айқын көрсетілген. Жұмыста осы көріністердің ең маңызды ерекшеліктері атап өтілген. Сонымен, уақыт — қозғалыс пен бағытқа байланысты. Уақыт пен кеңістік — Құдайдың жаратқаны. Уақыт — оқиғалардың ауысуы. Уақыт пен Мәңгілік — қарама-қарсы үрдістер. Кеңістік — бұл сыйымдылық (вместительность), яғни континуум. Уақыт жан мен рухтың ішінде де өмір сүреді. Кеңістік пен уақыт, өлшеу және оларды тең бөліктерге бөлу мәселелерімен тікелей байланысты. Құдай уақыт пен кеңістіктің Негізі және олардан жоғары.

Кілт сөздер: кеңістік, уақыт, субстанциалды тұжырым, реляционды тұжырым, континуум, себеп, қозғалыс, Құдай, мәңгілік, бостық, сыйымдылық.

Кіріспе

Кеңістік пен уақыт категориялары әрқашанда философия әлемінде ең қызықты мәселелердің бірі болды. Мақалада антикалық философиядан бастап ортағасырлық ойшылдардың идеяларына дейінгі кеңістік пен уақыттың мәні туралы пікірталастардың кейбір аспектілері талданған.

Мақаланың мақсаты — антикалық және ортағасырлық философия тарихындағы кеңістік пен уақыт категорияларын қарастыру және талдау. Мақаланың міндеті: кеңістік пен уақыт туралы ежелгі және ортағасыр кезеңдердегі негізгі философиялық пікірталастарды талдау.

Кеңістік пен уақыт категориялары туралы идеялардың қалыптасу аясында, әдетте, антикалық философияда осы категориялар туралы алғашқы идеялардың бірі Демокрит, Платон, Аристотель, Парменид және Зенонның философиялық идеяларымен байланысты қарастыра бастайды. Сондықтан талдау Демокриттегі бостық (пустота) туралы, Аристотель мен Платонның кеңістік пен геометрия, сфера мен ғарыш арасындағы байланыс идеясынан басталады. Мақалада, сонымен қатар ортағасырлық ойшылдары Августин мен Томас Аквинскийдің теориялық ойлар шеңберіндегі кеңістік пен уақыт бейнелерін түсіндіру қиындықтары талқыланады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында танымдық, пікірталастық, жалпы, жеке әдістері пайдаланылды. Атап айтқанда: гносеологиялық, логикалық, диалектикалық, талдау, индуктивтік және дедуктивтік, салыстырмалы және т.б.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеушілер кеңістік пен уақыттың екі негізгі — субстанциалды және реляционды түсінігін ажыратады. Антикалық атомизм философиясының қайнар көздері бар субстанциалды тұжырым Ньютонға дейін философияда кең тараған жоқ. И. Ньютон тарихта алғаш рет өзінің абсолюттік кеңістік пен уақыт туралы зерттеуінде, кеңістік пен уақыттың субстанциалды тұжырымдамаларының негізгі ережелерін айқын тұжырымдады [1, б. 142]. Дәл осы Демокрит пен Ньютонда біз кеңістік туралы терең түсінік таба аламыз. Ньютонның абсолюттік кеңістігі Демокриттің бостығының

* *Корреспондент автор. E-mail: mery-7878@yandex.kz (М.Т. Уксукбаева)*

аналогы және физикалық нысандардың әрекет ету аумағы болып табылады [2]. Уақыт қандай да бір оған әсер ететін сыртқы әсерлерге қарамастан тәуелсіз жалғаса береді [1, б. 143]. Ал реляциондық тұжырым Платон және Аристотельден бастау алады [1, б. 143]. Уақыт дербес өмір сүруші емес және іргелі мәннен туындайды [1, б. 143]. Кейбір ойшылдарда уақыт алғашқы бастама ретінде, ал өзгелерде қарым-қатынас ретінде орын алады (осыдан реляциондық тұжырым атауы туындайды). Платон уақытты Құдайдың жаратылысы деп санады, ал Аристотель уақытты жан әрекетінің және объективті материалдық қозғалыстың нәтижесі деп санады.

Антикалық ғылымда олар уақытты құбылыс ретінде және әлемдегі заттардан алып тастауға тырысты. Мұнда антагонистер ретінде Архимед пен Аристотель, Парменид және Гераклит бой көрсетті. Архимед уақыт ағыны заттардың негізінің ерекшелігі емес деп санап уақыттың «элиминациясын» болжады. Аристотель нақты «қалыптасу» және уақыт құрылымының болуына орай уақытты іргелі ұғым ретінде қарастырды [3, б. 9]. Архимед үшін табиғат заңдары — бұл тепе-теңдік заңдары болды және уақыт қатынастары ешқандай рөл атқармайды, Аристотель уақытты талдамай түсіну мүмкін емес деді. Сонымен бірге ойшыл табиғатты «қозғалыс пен өзгерістің басталуы» деп тұжырымдады [3, б. 11]. Парменид үшін жоғары шындық уақыттан тыс болды, ал Гераклит үшін әлем — заттардың емес, оқиғалардың жиынтығы болды [3, б. 9].

Б.з.д V ғасырда Демокрит, Платон, Аристотель философияларында эволюциядан өте отырып, кеңістік туралы натурфилософиялық түсінік пайда болады. Платонда бейболмыс «өзге» (иное) ретінде, ал Демокритте ол «бостық» (пустота) ретінде болады. Аристотель және өзге де сыншылар атомистердің бостығын, яғни «ештенені» «кеңістік» және «орынмен» теңестірді [4, б. 80]. Демокрит бостығы физикалық ұзақтылығына ие. «Демокритте «бостыққа» тәуелсіз «кеңістік» ұғымы болмаған» [4, б. 83]. Демокрит бостығы бірқатар кеңістік қасиеттеріне ие болып келеді. Аристотель денелердің бөлінуін — «атомистикалық бостықтың» негізгі функциясы ретінде бөліп көрсетті [4, б. 87]. Диоген Лаэртский тұжырымына сәйкес, бостық денелер үшін сыйымдылық (вместилище) қызметін атқарады [4, б. 87]. Атомистикада мұндай айқын түрдегі бостық қасиеттерін Эпикур және Лукрецияда байқауға болады [4, б. 88]. Бостық, уақыт және «тынысты» байланыстырушы бостық ұғымы пифагоршылдардың «шексіздік» түсінігімен іспеттес болды [4, б. 83]. Атомистердің кеңістік-бостығы Эйнштейн физикасындағы уақыт-кеңістік *континуумның* шексіздік күйінде уақыт бірлігімен бірге көрініс тапты [5, б. 207]. «Біз кеңістіктің геометриялық түсінігін қалыптасуын ең алдымен Платоннан көре аламыз» [4, б. 85]. Демиург кеңістікті сфера жағдайына дейін жинақтады [6, б. 436]. Ғарыш құрылымын сипаттау үшін ең алдымен кеңістік («сфера», «өзінің ішінде» («в себе самом»)) және уақыт («тоқтамау», «қартаймау») туралы түсініктер болуы қажет. Платон кеңістігі — бұл бір сыйымдылық (вместилище) сияқты, яғни «кеңістіктік анықтығы мүмкін болмайтын кеңістіктің онтологиялық (болмыстық) шарты» деп түсінуге болады [4, б. 85]. Платонның пікірінше, соңыра Құдай «жылжымалы кейіптегі мәңгілікті жаратуды ойластырды... оны біз уақыт деп атадық» [6, б. 439]. Мәңгілікке бар деген ұғым, ал уақытқа — *болды және болады* ұғымы тән болады [6, б. 439]. Уақыт қозғалыс модусында, ал мәңгілік — қозғалмайтын модус аясында түсіндіріледі [6, б. 439–440].

Аристотельдің «Физика» атты еңбегіндегі кеңістік табиғаты мен уақытын егжей-тегжейлі қарастырмай, олардың маңызды ерекшеліктерін көрсетеміз.

Аристотель осы «үш өлшемді денелердің жетілгені туралы пікірмен... дәлелдегісі келген» кеңістіктің үш өлшемділігі және уақыттың бір өлшемділігі [5, б. 203]. Аристотель философиясындағы осы кеңістіктің үш өлшемдік туралы нақты берілген түсінігі арқылы Евклид геометриясындағы көрсетілген «кеңістік туралы антикалық түсініктерді (оның ішінде оның өлшемділігін)» талдауға мүмкіндік пайда болды [5, б. 203]. Аристотель «бірмезгілділік» (одновременность) және «енді» (теперь) ұғымдарының айырмашылығын көрсету қажеттілігін көрсете отырып, «бір мезгілділік» ұғымның маңызды сипаттарын бөліп көрсетті [1, б. 139]. Кеңістік пен уақыт туралы мәселелерінің негізгі түсініктері — бұл себеп пен қозғалыс болып табылады. Аристотель себептерді төртке жіктейді [7, б. 140]. Болмыстың Бірінші себебі (Первопричина) ретінде ол бірінші бастаманы (Первоначало) атап өтеді. Бірінші бастаманың арқасында уақыт пен қозғалыс пайда болады. Аристотель осылай тұжырымдады: «... Кейбір қозғалмайтын мәңгілік мәндер қажетті түрде болуы керек... Уақыт ол қозғалыс, немесе қозғалыстың кейбір қасиеттері» [8, б. 327, 328]. Аристотель қозғалыстың төрт түрін бөліп көрсетті [7, б. 147]. Соңғы түрі — орынның ауысуы немесе орын ауыстыруы кеңістікпен байланысты: «Егер бірнәрсе қозғалса... онда оған қатысты кеңістікте өзгеріс пайда болуы мүмкін» [8, б. 331]. «... Өзгерістің ең алғашқысы — кеңістіктегі қозғалыс, ал осы қозғалыс аумағында (біріншісі) — дөңгелектік (круговое) болып келеді» [8, б. 331]. Аристотелдің пікірінше кеңістік

ұзақтылық ретінде түсіндіріледі, себебі шеңбер ауданға ие болуы тиіс, ал сфера — қосымша тағы көлемге ие болуы тиіс. Уақыт қозғалыс сипаты ретінде түсіндіріледі. Уақыт пен қозғалыс байланысы, біз уақытты байқамай қалуымызға алып келеді. Қозғалыс — ол сабақтастық. Континуумда ұзақтылық «алдымен» және «кейін» деп ерекшеленеді [7, б. 148]. Аристотельде уақыт пен кеңістік «кейбір сандар мен үздіксіз шамалар ретінде анықталады» [8, б. 132].

Қозғалыстың есептелуін атап өту керек, себебі уақытты қабылдау жанның есептеу принципі ретінде қатысуын білдіреді. Жан болмаса, уақыт бола алады ма? Егер есеп болмаса, онда сан да болмайды. Егер заттардың табиғатында жанның ұқсастығы болса, онда жансыз уақыттың болуы мүмкін емес [7, б. 149]. Бұл ой Әулие Августиннің «уақытының спиритуалды қасиеттерін» [7, б. 149] және бірқатар заманауи ғылыми тұжырымдарды болжады.

Әулие Августин философиялық жүйесінің маңызды сұрақтарының бірі: «уақыт түсінігі қандай?». Әулие Августин «Тәубе» атты еңбегінде осы сұрақтарға жауап береді: «Уақыт дегеніміз не? [9, б. 26] Кім бұл сұраққа нақты, әрі қысқаша жауап береді?... Егер ештеңе өтпесе, онда өткен шақ болмаушы еді; егер ештеңе келмесе (бастау алмаса), онда келер шақ болмаушы еді; егер мүлдем ештеңе болмаса, онда нақты осы шақ болмаушы еді» [9, б. 26–27]. Августин уақыт пен мәңгілікті салыстыра отырып уақытты үш кезеңге бөлді: өткен, келер және нақ осы шақ. Мәңгілікті Құдай ғана болады және барлық уақытты жаратады. Оның бір күні — ол мәңгілік [10, б. 11, 12]. Уақыт ол ұсақ бөлшектерге бөлінбейтін ұзақтылық болып табылады. Мұндай ұзақтылық — ол сәт, яғни дәл осы уақыт болып табылады [9, б. 27]. Оның қысқалығы ондағы ұзақтықты жоққа шығарады. «Егер ол шексіз жалғаса бергенде, онда болашақтан өткен шақты бөліп ала алатын едік; осы шақ жалғаспайды» [9, б. 27]. Өлшеусіз уақыт, шын мәнісінде біздің жанымызда ғана бар: «Сенде, менің жаным, уақытты мен өлшеймін». Августин бойынша уақыт «онтологиялық (болмыстық) статустан айырылған, ол — субъекттің жанында немесе рухында жаратылыс (тварное) болмысының тек белгілі бір сипаты болып табылады» [9, б. 28].

Августиндегі осы шақтың қарама-қайшылығы кесіндіні шексіздікке дейін бөлу мүмкіндігінен шығады. Антикалық философия, керісінше, мұндай бөлінудің мүскін екенін алға тартты (Зенон апориялары). Августин осы шақты нүкте ретінде түсінеді, яғни нөлдік өлшемдіктің *кеңістік нысаны*. Августин де, Зенон да кеңістіктік кесінділердің сәйкес келу мәселесін, яғни өлшеу кесіндісінің өлшенетін өлшемге сәйкестігі және кез-келген кесіндегі бірліктердің (нүктелердің) белгілі бір мүлде бірегей санын мүлде дәл өлшеу мүмкіндігі туралы түсінеді.

Орта ғасырлардағы кеңістік пен уақыт туралы түсінік антикалық тәжірибеге қатысы бар болып келеді. Платонизм, перипатетика, Әулие Августиннің ілімі кеңістік пен уақыт туралы ортағасырлық ой қалыптасуының іргесі болды. XIII ғ. басына дейін христиан дінінде Платонның мұрасы үстем болды. XIII ғасырдың басында Аристотельдің еңбектері латын аудармасында таралды. Шіркеу ілімдерімен бірге оның натурфилософиясының біріктірушілері ретінде Ұлы Альберт және Фома Аквинский болды [11, б. 104–108]. Алайда, шын мәнінде өзге де концепциялар болды, мысалы өзіне шіркеу айыптауын тілеп алған Сигер Брабантский дамытқан париждік аверроистерінің циклдік уақыт идеясы болды [12, б. 156]. XV–XVI ғ. Николай Кузанский мен Джордано Бруно уақыт шексіздігі және оның ұзақтығы туралы көзқарасқа жүгінді [13, б. 121]. Сонымен қатар, әртүрлі таптар мен қоғамдық топтар арасындағы кеңістік пен уақыт туралы түсініктердің айырмашылықтары туралы еске түсіруге болады [12, б. 51].

Антикалық беделділерге жүгінудің көптеген мысалдарды келтіруге болады. «Уақыт пен мәңгілік бір ұғым емес; мәңгілік — ол болмыстың мөлшері, ал уақыт — ол қозғалыстың мөлшері» — деп, Фома Аквинский айтып кетті [14, б. 833]. «Періштелік доктор» деп аталатын Фома Аквинский Аристотельдің «Метафизика» атты еңбегіне сүйеніп, осылай деді: «Уақыт — ол қозғалыс, немесе қозғалыстың қандай да бір қасиеті» [8, б. 327]. Сонымен бірге Платонның «Тимей» еңбегіне де сүйеніп, «Уақыт өте келе пайда болатын оқиғаға қатысты болды және болады, өйткені екеуі де қозғалыстың мәні болып табылады» деген [6, б. 440]. Әулие Августинге сілтеме жасап Фома Аквинский «жадқа бағынған өткен шақтың түсінігін» көрсеткен кезде байқалады [14, б. 855].

Ансельм Кентерберийскийдің «Монологион» атты еңбегінде Әулие Августиннің түсініктеріне ұқсас тұжырымдарды кездестіре аламыз. Жоғары табиғаттың (Құдайдың) қасиеттерін сипаттай отырып, ол осылай тұжырымдады: «Оның (Жоғары табиғаттың) ғасыры — нағыз мәңгіліктен өзге ештеңе емес — ол өткен, келер және осы шақ деп бөлінбейді» [15, б. 70]. Платонда да, Августинде де, Ансельм Кентерберийскийде де қасиетті табиғатқа байланысты уақыт пен мәңгілік ұғымдарында қарама-қайшылықтарды көре аламыз [15, б. 74]. Құдайдың кеңістіктік шексіздігі туралы пікірді

Ансельм Кентерберийский Августиннің ойымен келісе отырып: «Құдай ол санамыз арқылы қабылданатын фигура, оның орталығы барлық жерде, бірақ шеңбері еш жерде жоқ» деген түсінік келтіреді [16, б. 167].

Гонорий Августодунскийдің уақыт туралы түсінігін осылай мәлімдейді: «Уақыт — ол заттардың (оқиғалардың) алмасуы (кезегі) (vicissitudo rerum)» [12, б. 51]. Ортағасырлық ойшыл антикалық философы Гераклиттің «әлем заттардың емес, оқиғалар жиынтығы болып табылады» — деген сөздерін қайталайды [3, б. 9].

Уақыттың аяқталуын Мейстер Экхарт осылай түсіндіреді: «Уақыттың мүлдем болмаған кезі — уақыттың аяқталуы» [17, б. 22]. Уақыт мәңгілік тіршіліктің, Құдайдың және өлмейтін жанның атрибуты болып табылмайды [17, б. 22]. Әулие Августинді еске ала отырып Экхарт онымен уақыт пен жан туралы түсінігімен келіседі, алайда Құдайдың күні — ол тұрақты «бүгінгі» күн деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, Әулие Августин ойымен келісіп, «Қазір Құдай әлемді дәл алғашқы тіршілікті жаратқандай жаратады» деген [17, б. 22]. Экхарт бойынша уақытты мәңгілікте қайшылық ретінде қарастырды. Оның пікірінше уақыт Құдайдың жаратылысынан бастау алды және ақыр заманмен аяқталады; сәтке қысылған уақыт мәңгіліктің шынайы сәті болып қалады [17, б. 22]. Уақыт аксиологиялық мағынада шамалы және зұлымдықпен байланысты [17, б. 26]. Сол себептен кейбір ұсқынсыз заттар, сонымен бірге әдемі және асқақтық заттар да кеңістіктік және уақыттық қасиеттерге ие емес, мысалы аспанды алайық [17, б. 64]. Егер жан аспанға көтеріліп Құдайды танығысы келсе, онда оны уақыт пен кеңістіктен тыс тану қажет, өйткені «Құдайды тануда уақыт пен кеңістік кедергі болады» [17, б. 64]. Экхарт өзінің еңбектерінде Әулие Августин есімін атап өтеді, бірақ зерттеушілер оның қызметін антикалық сөйлемдерге негіздеді [17, б. 12].

Орта ғасырда кеңістік туралы ұғымға антикалық математиканың әсері айқын көрініс тапты. Оксфорд философиялық және жаратылыстану мектебінің негізін қалаған Роберт Гроссетест кеңістіктің квантталғандығына сүйене отырып, кеңістіктің ықтимал дискреттілігі туралы Пифагор теоремасын болжамнан шығаруға тырысты [18, б. 18]. Ол кезде Оксфордта кеңістікті континуум ретінде қарастыра бастады, яғни бір өлшемді құрайтын бірыңғай нүктелер жиынтығы ретінде. Континуум ретінде кеңістік туралы түсінік Никола Ореманың ілімінде негіз қалады. «О конфигурациях качеств» трактатында, ол дене жылдамдығының ауытқуын зерттеу үшін тікбұрышты координаталар жүйесін құру әрекетін жүзеге асырады [11, б. 121, 122].

Қорытынды

Сонымен, антикалық және ортағасырлық сипаттамалардың ұқсастығын атап өтейік.

Біріншіден, кеңістік пен уақыттың реляциондық концепциясы бойынша осы категориялар фундаменталды мәнінен туындайды немесе олар содан жасалған (Платон, Аристотель, Фома Аквинский, Ансельм Кентерберийский).

Екіншіден, уақыт — ол қозғалыстың мәні және өзгеріске бағынады. Мәңгілік — қозғалыссыз және өзгермейді (Платон, Аристотель, Августин, Фома Аквинский, Ансельм Кентерберийский).

Үшіншіден, уақыт пен кеңістікті Құдай жаратқан (Платон, Августин, Мейстер Экхарт).

Төртіншіден, уақыт — ол оқиғалардың ауысуы (Гераклит, Гонорий Августодунский).

Бесіншіден, мәңгілік уақытқа қарама-қайшы тұрады (Платон, Аврелий Августин, Фома Аквинский, Ансельм Кентерберийский).

Алтыншыдан, кеңістік — бостық — сыйымдылық — континуум (Демокрит, Платон, Аристотель, Роберт Гроссетест, Н. Орем).

Жетіншіден, уақыт — жанның ішінде (Аристотель, Августин, Фома Аквинский).

Сегізіншіден, уақыт — жаратылыс әлемнің өлшемі (Августин, Мейстер Экхарт).

Тоғызыншыдан, Құдай уақытта да, кеңістікте де өмір сүрмейді (Августин, Ансельм Кентерберийский, Фома Аквинский, Мейстер Экхарт).

Оныншыдан, Құдайдың уақыты — тұрақты бүгінгі күн (Августин, Мейстер Экхарт).

Он біріншіден, уақыт пен кеңістіктің алғашқы себебі — ол Құдай.

Дегенмен, кейбір жағдайларда антикалық және ортағасырлық уақыт пен кеңістік туралы түсініктердің айырмашылығы айқын болса да, сәйкес келетін көптеген позициялар бар. Бұл көріністердің ең маңызды ерекшеліктерін атап өтейік. Уақыт — қозғалыс пен бағытқа байланысты. Уақыт пен кеңістік — Құдайдың жаратқаны. Уақыт — ол оқиғалардың ауысуы. Уақыт пен Мәңгілік — қарама-қарсы үрдістер. Кеңістік — сыйымдылық (вместилище) — континуум. Уақыт — жанның ішінде. Кеңістік пен уақыт, өлшеу және оларды тең бөліктерге бөлу мәселелерімен тікелей байланысты. Құдай уақыт пен кеңістіктің Негізі және олардан жоғары.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Молчанов Ю.Б. Понятие одновременности и концепция времени в специальной теории относительности / Ю.Б. Молчанов // Эйнштейн и философские проблемы физики XX века / [Д.П. Грибанов и др.]; отв. ред. д-р филос. наук. Э.М. Чудинов; Науч. совет по философским вопросам современного естествознания; Ин-т истории естествознания и техники; Ин-т философии. — М.: Наука, 1979. — С. 138–163.
- 2 Акчурин И.А. Эйнштейн и развитие понятия пространство / И.А. Акчурин, М.Д. Ахундов // Эйнштейн и философские проблемы физики XX века / [Д.П. Грибанов и др.]; отв. ред. д-р филос. н. Э.М. Чудинов; Науч. совет по философским вопросам современного естествознания; Ин-т истории естествознания и техники; Ин-т философии. — М.: Наука, 1979. — С. 163–202.
- 3 Уитроу Дж. Естественная философия времени / Дж. Уитроу; под ред. М.Э. Омеляновского; пер. с англ. Ю. Молчанова. — М.: Едиториал УРСС, 2003. — 400 с.
- 4 Визгин В.П. Взаимосвязь онтологии и физики в атомизме Демокрита (на примере анализа пустоты) / В.П. Визгин // Философия природы в античности и в средние века / [П.П. Гайдено и др.]; под общ. ред. П.П. Гайдено, В.В. Петрова; РАН; Ин-т философии. — М.: Прогресс – Традиция, 2000. — С. 78–91.
- 5 Горелик Г.Е. Общая теория относительности и проблема размерности пространства-времени / Г.Е. Горелик // Эйнштейн и философские проблемы физики XX века / [Д.П. Грибанов и др.]; отв. ред. д-р филос. н. Э.М. Чудинов; Науч. совет по философским вопросам современного естествознания; Ин-т истории естествознания и техники; Ин-т философии. — М.: Наука, 1979. — С. 202–223.
- 6 Платон. Тимей / Платон [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.100bestbooks.ru/files/Platon_Timey.pdf.
- 7 Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней: [В 4-х т.]. — Т. 1: Античность / Дж. Реале, Д. Антисери; под ред. Э. Соколова; пер. с итал. С. Мальцева. — СПб.: Петрополис, 1994. — 688 с.
- 8 Аристотель. Метафизика / Аристотель; пер. А.В. Кубицкого. — Р. н/Д.: Феникс, 1999. — 600 с.
- 9 Бычков В.В. Эстетика Аврелия Августина / В.В. Бычков. — М.: Искусство, 1984. — 264 с.
- 10 Блаженный Августин Аврелий. Исповедь / А. Августин; под ред. О.М. Гладковой; пер. с лат. М.Е. Сергиенко. — М.: Дарь, 2005. — 544 с.
- 11 Марчукова С.М. Естественнаучные представления в средневековой Европе / С.М. Марчукова. — СПб.: Европейский дом, 1999. — 192 с.
- 12 Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры / А.Я. Гуревич. — М.: Искусство, 1984. — 350 с.
- 13 Вернадский В.И. Размышления натуралиста. Пространство и время в неживой и живой природе / В.И. Вернадский. — М.: Наука, 1975. — 175 с.
- 14 Антология мировой философии: [В 4-х т.]. / под ред. В.В. Соколова. — М.: Мысль, 1969. — Т. 1. — 833 с.
- 15 Кентерберийский А. Монологион // Сочинения / А. Кентерберийский; под ред. В.М. Бакусева; пер. с лат. И.В. Купреева. — М.: Канон, 1995. — С. 32–123.
- 16 Юнг К.Г. Архетип и символ / К.Г. Юнг; пер. с англ. В.В. Зеленского. — М.: Ренессанс, 1991. — 304 с.
- 17 Экхарт Мейстер. Духовные проповеди и рассуждения / М. Экхарт; пер. с нем. М.В. Сабашникова. — СПб.: Азбука, 2000. — 215 с.
- 18 Грюнбаум А. Философские проблемы пространства и времени / А. Грюнбаум; под ред. Э.М. Чудинова; пер. с англ. Ю.Б. Молчанова. — М.: Прогресс, 1969. — 591 с.

М.Т. Уксукбаева

Категории пространства и времени в истории античной и средневековой философии

Статья посвящена представлениям о категориях, таких как «пространство» и «время» в философии античности и средних веков. Сравнивая представления мыслителей, автор характеризует их близость. Также, основываясь на текстах античных и средневековых мыслителей, автор сравнивает концепции философов о категориях пространства и времени. Кроме того, указаны те позиции в представлениях о пространстве и времени, которые совпадают у античных и средневековых мыслителей. Отмечены наиболее существенные особенности этих представлений. Таким образом, в статье определено, что время связано с движением и направлением. Время и пространство сотворены Богом. Время считается сменой событий. Время и вечность антагонистичны. Пространство естьместилище, есть континуум. Время находится и в душе. Пространство и время взаимосвязаны с проблемой измерения их на равные отрезки. Бог является Началом времени и пространства и существует над ними.

Ключевые слова: пространство, время, субстанциальная концепция, реляционная концепция, континуум, причина, движение, Бог, вечность, пустота,местилище.

Categories of space and time in the history of ancient and medieval philosophy

The article is devoted to the concepts of categories as space and time in the philosophy of antiquity and the Middle Ages. Comparing the ideas of thinkers, the author characterizes their proximity. Also, based on the texts of ancient and medieval thinkers, the author compares the concepts of philosophers about the categories of space and time. The article also indicates those positions in ideas about space and time that coincide among ancient and medieval thinkers. The most significant features of these ideas are noted. So, the article determines that time is associated with movement and direction. Time and space are created by God. Time is considered a change of events. Time and eternity are antagonistic. Space is a container is a continuum. Time is in the soul. Space and time are interconnected with the problem of measuring them in equal intervals. God is the Beginning of time and space and exists above them.

Keywords: space, time, substantial concept, relational concept, continuum, reason, motion, God, eternity, void, receptacle.

References

- 1 Molchanov, Yu.B. (1979). Poniatie odnovremennosti i kontseptsii vremeni v spetsialnoi teorii otноситelnosti [The concept of simultaneity and the concept of time in the special theory of relativity]. *Einshtein i filosofskie problemy fiziki XX veka — Einstein and the philosophical problems of XX century physics*. E.M. Chudinov (Ed.); Nauchnyi sovet po filosofskim voprosam sovremennoho estestvoznaniia; Institut istorii estestvoznaniia i tekhniki; Institut filosofii. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Akchurin, I.A., & Ahundov, M.D. (1979). Einshtein i razvitiie poniatiia prostranstvo [Einstein and the development of the concept of space]. *Einshtein i filosofskie problemy fiziki XX veka — Einstein and the philosophical problems of XX century physics*. E.M. Chudinov (Ed.); Nauchnyi sovet po filosofskim voprosam sovremennoho estestvoznaniia; Institut istorii estestvoznaniia i tekhniki; Institut filosofii. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Uitrou, Dzh. (2003). Estestvennaia filosofiiia vremeni [The natural philosophy of time]. M.E. Omelyanovsky (Ed.); (Yu. Molchanov Transl.). Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 4 Vizgin, V.P. (2000). Vzaimosviaz ontologii i fiziki v atomizme Demokrita (na primere analiza pustoty) [The relationship of ontology and physics in the atomism of Democritus (on the example of the analysis of emptiness)]. *Filosofiiia prirody v antichnosti i v srednie veka — The philosophy of nature in antiquity and the Middle Ages*. P.P. Gajdenko, V.V. Petrova (Eds.); Rossiiskaia akademiia nauk; Institut filosofii. Moscow: Progress — Traditsiia [in Russian].
- 5 Gorelik, G.E. (1979). Obshchaia teoriia otноситelnosti i problema razmernosti prostranstva-vremeni [General theory of relativity and the problem of the dimension of space-time]. *Einshtein i filosofskie problemy fiziki XX veka — Einstein and the philosophical problems of XX century physics*. E.M. Chudinov (Ed.); Nauchnyi sovet po filosofskim voprosam sovremennoho estestvoznaniia; Institut istorii estestvoznaniia i tekhniki; Institut filosofii. Moscow: Nauka [in Russian].
- 6 Platon. Timei [Timaeus]. (n.d.) *100bestbooks.ru*. Retrieved from https://100bestbooks.ru/files/Platon_Timey.pdf/ [in Russian].
- 7 Reale, Dzh. & Antiseri, D. (1994). Zapadnaia filosofiiia ot istokov do nashikh dnei. Antichnost [Western philosophy from its origins to the present day. Antiquity]. (Vols 1–4; Vol. 1); E. Sokolova (Ed.); (S. Maltseva Transl.). Saint Petersburg: Petropolis [in Russian].
- 8 Aristotel (1999). *Metafizika [Metaphysics]*. (A.V. Kubickii Transl.). Rostov-on-Don: Feniks [in Russian].
- 9 Bychkov, V.V. (1984). *Estetika Avreliia Avhustina [Aesthetics of Aurelius Augustine]*. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 10 Blazhennyi, Avhustin A. (2005). *Ispoved [Confessions]*. O.M. Gladkov (Ed.); (M.E. Sergienko Transl.). Moscow: Respublika [in Russian].
- 11 Marchukova, S.M. (1999). *Estestvennonauchnye predstavleniia v srednevekovoi Evrope [Natural science performances in medieval Europe]*. Saint Petersburg: Evropeiskii dom [in Russian].
- 12 Gurevich, A.Ya. (1984). *Katehorii srednevekovoi kultury [Categories of medieval culture]*. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 13 Vernadskii V.I. (1975). *Razmyshleniia naturalista. Prostranstvo i vremia v nezhyvoi i zhivoi prirode [The thoughts of a naturalist. Space and Time in Inanimate and Wildlife]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Sokolov, V.V. (Eds.) (1969). *Antolohiia mirovoi filosofii [Anthology of World Philosophy]*. (Vols 1–4; Vol. 1). Moscow: Mysl [in Russian].
- 15 Kenterberiskii, A. (1995). Monolohion [Monologion]. *Sochineniia — Works*. V.M. Bakusev (Ed.); (I.V. Kupreev Transl.). Moscow: Kanon [in Russian].
- 16 Yung, K.G. (1991). *Arkhetip i simvol [Archetype and symbol]*. (V.V. Zelensky Transl.). Moscow: Renessans [in Russian].
- 17 Ekkhart, Meister (2000). *Duhovnye propovedi i rassuzhdeniia [Spiritual Sermons and Reasoning]*. (M.V. Sabashnikov Transl.). Saint Petersburg: Azbuka [in Russian].
- 18 Gryunbaum, A. (1969). *Filosofskie problemy prostranstva i vremeni [Philosophical problems of space and time]*. E.M. Chudinova (Ed.); (Yu.B. Molchanov Transl.). Moscow: Progress [in Russian].